

СЕНІМ ҚҰБЫЛЫСЫ: КОНЦЕПТУАЛДЫ ТАЛДАУ

¹Дабылтаева Мақпал Мамедәліқызы, ²Иманбекова Бибігүл Ильясқызы,

³Тоқтаров Ермек Бауыржанұлы

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Алматы, Қазақстан)

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық униваерситеті
(Алматы, Қазақстан)

³Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның
стратегиялық зерттеулер институты (Астана, Қазақстан)

¹dabyltayeva.makpal@gmail.com, ²imanbekovabibigul9@gmail.com,
³toktarov_eb@kisi.kz

¹*Dabyltaeva Makpal*, ²*Imanbekova Bibigul*, ³*Toktarov Ermek*

¹*Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)*

²*Kazakh National Girls' Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)*

³*Institute of Strategic Studies of Kazakhstan under the President of the
Republic of Kazakhstan (Astana, Kazakhstan)*

¹dabyltayeva.makpal@gmail.com, ²imanbekovabibigul9@gmail.com,
³toktarov_eb@kisi.kz

Аңдатпа. Мақалада «сенім феноменін» тұжырымдамалық анықтаудың әлеуметтік-психологиялық, экономикалық және саясаттану ғылымдағы тәсілдері мен анықтамалары талданады. Қоғамдағы әлеуметтік институттардың жаңа кеңістіктегі әлеуметтік өзгерістерге ұшырауы, сенім мәселесінің әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында жаңаша зерттелуін талап етіп отыр. Қоғамның құрылымы мен қызмет етуі белгілерінде, бұл уақытқа дейін сенім ұғымына нақты анықтама жоқ. Сондықтанда сенім феноменіне теориялық-тұжырымдамалық талдау жасау арқылы, пәнаралық ұғымын мен анықтамаларын жүйелеу, әлеуметтік қарым-қатынас құралы сенім феноменінің жүйелі анықтамаларын талдау өзекті.

Сенім ұғымына концептуалды талдау жасау арқылы, әлеуметтанулық, философиялық, психологиялық, саяси-экономикалық анықтамаларын жүйелеу, сенім феноменінің әмбебеп пәнаралық ұғым ретінде негіздеу. Концептуалды талдау арқылы сенім ұғымының әмбебап пәнаралық ұғым екені теориялық анықтамалар мен тәсілдерді жүйелеу нәтижесінде анықталды, қоғамда сенім феноменінің қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етіп, жаңа әлеуметтік құбылыстардың қалыптасуына, әрекет етуіне түрткі болатынымен тәжірибелік маңыздылығы нақтыланады.

Мақалада сенім феноменіне әлеуметтік-философиялық, әлеуметтік-психологиялық, саяси-экономикалық анықтамалары мен тәсілдеріне концептуалды талдау әдісін қолдана отырып, сенім мәселесінің пәнаралық ұғымын негіздеп, жүйелеу. Сенім қоғамдағы әлеуметтік институттардың әлеуметтік қызметтерінің жүзеге асырылуында басты құралдардың бірі. Ол қоғам мүшелерін тұлғалық,

тұлғаралық, топтық, қауымдастық, таптық деңгейде қарым-қатынас жасауын реттейтін құбылыс.

Түйін сөздер: Сенім феномені, әлеуметтік капитал, концептуалды талдау, формалды рационалды, иррационалды.

Kipicne

Бүгінгі үздіксіз дамып жатқан қоғамда сенім мәселесі мен оның қалыптасуын зерттеу қазіргі дамыған қоғамда маңызды компоненттің бірі болып табылады. Сенім қоғам мен әлеуметтік институттарды байланыстыратын негізгі құрал болып табылады. Қандай да бір қоғамдағы әлеуметтік институттарға деген сенімнің дағдарысы, олардың қызметінің бұзылуына алып келеді.

Сенім адамдардың қарым-қатынасының тірегі болып табылады. Қоғамдағы қарым-қатынаста қандай да бір деңгейінде сенім болмаған жағдайда әлеуметтік қызметте жүзеге асырылмайды. Біздің қандай да бір әлеуметтік өзара әрекеттесуімізді сенім немесе сенімсіздік позициясынан бағалаймыз [1, 150 б.].

Қазіргі қоғамдағы саяси, экономикалық, әлеуметтік, әскери, мәдени өзгерістер мен тұрақсыздықтар кезеңінде сенім мәселесі өзекті болып, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың зерттеу тезаурусына берік еніп отыр.

Оны зерттеудің қиындығы мынада: сенімді тек ұтымды таным құралы ретінде қолдана отырып зерттеуге болмайды, өйткені бұл құбылыс шындықтың қисынсыз құбылыстарының қатарына жатады. Оның бір себебі қазіргі прагматикалық қоғамда, адамдар қажеттілікке байланысты тұтынуды басымдылық ретінде алады, ал әлеуметтік-мәдени идеалдар мен құндылықтарды екінші орынға қояды. Ал жалпы қоғамда, сенім әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде көптеген әлеуметтік функцияларды орындайды. Сондықтан сенім мәселесіне жүгінбей, тұтас адамға және оның өмір әлеміне жүгіну мүмкін емес.

Сенім мәселесі көп аспектілі феномен. Бүгінде сенім мәселесін әлеуметтанушылар, саясаттанушылар, психологдар, философтар, мәдениеттанушылар мен қатар қолданбалы ғылым саласында да кеңінен зерттеу үрдісі байқалады. Елімізде және әлемде болып жатқан өзгерістер, жаңа үрдістер сенім феноменінің жаңа келбетін анықтау барысында. Себебі қоғамдағы сенім мәселесі қоғамдық құрылымның барлық жүйелерінде ұжымдық қарым-қатынас индикаторы, әлеуметтік капитал құралы болып табылады [2, 188 б.].

Әлеуметтануда сенімнің әлеуметтік аспектілері жиі зерттеледі. Осы тақырыпқа арналған әдеби шолуда сенім көбінесе «әлеуметтік капитал» құралы ретінде және оның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл категорияны ғылымға Л.Дж. Ханифан 1916 жылы енгізді, кейінірек бұл тұжырымдаманы Э. Банфилд пен Дж. Джэкобс, содан кейін бұл тақырыпты Р. Патнэм қайта жандандырды. «Әлеуметтік капитал» теориясына Дж. Коул-

ман ұтымды таңдау теориясында үлкен назар аударды. А. Селигмен, Б. Мицтрал және Н.Лумана үшін қазіргі қоғамның рөлдік күрделенуі артып жатқан жағдайда сенімді тұрақтылыққа үміт факторы ретінде қарастыру тән болды. Сонымен қатар әлеуметтік капитал тақырыбында кешенді зерттеулерді жан-жақты зерттеуді кеңестік авторлар да жүргізді. Оларға В. Степаненко, О. Яницкий, Т. Барчунова және Ф. Карасев [4, 3674 б.]

Капитал ұғымы өзінің зерттелу саласына байланысты сан алуан қызмет атқарады. Менің зерттеу тақырыбым аясына әлеуметтік капитал және мәдени капитал қызметі тұрғысынан қарастырамын. Әлеуметтік капитал ұғымының ғылыми тұжырымдамалары толық дәлелденбесе де 1990 жылдардың басында әлеуметтанулық, экономикалық, саяси зерттеулерде кеңінен қолданыла бастады. Әлеуметтік капитал тұжырымдамасы генетикалық тұрғыдан XVIII ғ. өмір сүрген шотландық ғалым А. Смиттің неэкономикалық әлеуметтік ресурс теориясының альтернативасы. Әлеуметтік капитал тұжырымдамасын XX ғ. П. Бурдьё, Р. Патнэм, Дж. Коулман, Ф.Фукуяма және т.б. әлеуметтанушылар қарастырды. Осы тұрғыдан әлеуметтік капитал ұғымының қолдану аясына байланысты негізгі сипаттамасы мен анықтамасына тоқталайық.

Әлеуметтік капитал ұғымы ғылыми тұжырымдама ретінде 1980 жылдары Батыс елдерінде қолданыла бастады. Ең алғаш әлеуметтік капитал тұжырымдамасына теориялық үлгіні П.Бурдьё ұсынды. П.Бурдьё өзінің зерттеулерінде әлеуметтік капиталдың құрал ретіндегі мәніне назар аударды. Ол әлеуметтік капитал топтағы мүшелердің өзара қарым-қатынасы таныс-туыстық және мойындалу деңгейінде институционаланған тұрақты байланыстардың шынайы және әлеуеті бар ресурстарының жиынтығы деп қарастырды [5, 69 б.].

Зерттеу әдіснамасы

Сенім әлеуметтік қарым-қатынас, әлеуметтік өзара әрекет ету арқылы жүзеге асырылып, қандай да бір әлеуметтік құбылыстың пайда болып, қалыптасуына әсер етеді. Мақалада сенім феноменіне әлеуметтік-философиялық, әлеуметтік-психологиялық, саяси-экономикалық анықтамалары мен тәсілдеріне концептуалды талдау жасау. Концептуалды талдау әдісін қолдана отырып, сенім мәселесінің пәнарлық ұғымын жүйелеу.

Сенім мәселесін әлеуметтану ғылымында зерттелуі

Қазіргі заманғы әдебиетте сенім ұғымын түсіндіретін белгісіне байланысты, бірнеше мағыналас мазмұны бар ұғымдар берілген, олар: ізгі ниет, қамқорлық, зейін, құзыреттілік, жақсылық. Олар сенім қатынастарын әр түрлі сипаттайды, бірақ ол ұғымдарды біріктіретін бір жайт, сенім бастапқыдан әлеуметтік сезім, эмоция ретіндегі категория.Сенім мәселесіне әлеуметтік-философиялық талдау тәсілі арқылы әлеуметтану және фило-

софия ғылымындағы сенім ұғымының қолдану аясын, деңгейін талдау. Әлеуметтанудағы сенім ұғымының зерттеу кезеңдері келесі ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Оларға: Э. Дюркгейм, Т. Парсонс, Р. Дарендорф, П. Штомпка, Ф. Фукуяма.

М. Вебердің пікірінше Батыс елдерінде сенімді қарым-қатынастар «формальды рационалды» ұғымымен тығыз байланысты, ол дегеніміз құқықтық ойлау жүйесі, құқықтық тәсілдің пайда болуымен тікелей байланысты. Қоғамдағы әлеуметтік қарама-қайшылықтар, саяси міндеттерді шешу үрдісінен бастау алды.

Э. Дюркгеймнің тұжырымдамаларында әлеуметтік сенім мәселесі қоғамдық моральдік ынтықмастық идеясының пайда болуымен байланыстырады.

Георг Зиммельдің пікірінше сенім - қоғамдағы маңызды синтетикалық күштің бірі деп сипаттайды, адамдардың бір-біріне деген сенімсіздік салдарынан қоғам тарқап кететін еді (құлдырайтын) [6, 564 б.].

Сенім мәселесі ғылымда пәнаралық ұғым, бүгінде сенім мәселесін саясаттанушылар, әлеуметтанушылар, экономистер, заңгерлер, денсаулық сақтау саласы қызметкерлері жан-жақты зерттеп келеді. Сенім ұғымының әлеуметтік мәнін анықтау өзекті болып отыр. Ғылымда сенімнің негізгі үш түрін қарастырады. Олар: институционалды, тұлғаралық және жалпы (жалпылама) сенім [7, 22 б.]. Жалпы сенім дегеніміз - бір қауымдастық арасындағы адамдардың қарым-қатынасы, мысалы: отбасында, жұмысында т.б қауымдастықтар. Тұлғаралық сенім - байланыстың бір түрі болып табылатын, бір немесе бірнеше адамның белсенді қарым-қатынасы.

Сенім мәселесін зерттеудің қазіргі заманғы жалпы әлеуметтік тәсілдерінің ішінде бірнеше негізгі бағыттарды бөліп көрсетуге болады. Э. Эриксон - балалық шақта қалыптасатын және әлеуметтену процесінде дамитын әлем туралы танымдық идеялардың жиынтығы ретінде негізгі сенім туралы жазды; Г. Гарфинкель - этнометодологиялық зерттеулерде сенімді феномен ретінде қарап, «ашу керек» керек фактор ретінде анықтады; П. Бурдьё - сенімді жергілікті тәртіпті сақтауға бағытталған прагматикалық мінез-құлықтың элементі деп санады; Э. Гидденс сенімді анықтау үшін қазіргі заманғы қауіп-қатер қоғамында қажет болатын қоршаған ортаның болжамды моделін құрайтын «қорғаныс коконы» метафорасын ұсынды [8, 89].

Әлеуметтік сенім қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік өзгерістердің жылдамдығына тікелей байланысты. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістердің белгісіздігі, қарама-қайшылығы, бірізділікті сақтамауы, теңсіздігі «тәуекел жағдайдағы қоғам» формасының қалыптасуып дамуына алып келеді. Мұндай жағдайда қоғамның барлық өмір сүру жағдайында әлеуметтік-мәдени заңдылықтардық бұзылуы мүмкін. Бұл жағдайда сенім ұғымы бірнеше түрлі өзгерістерге ұшырауы мүмкін. Ол жегеніміз жаңа әлеуметтік қарым-қатынастар мен әлеуметтік құбылыстардың пайда болуына алып келеді.

Белгілі әлеуметтанушы Н. Луманның пікірінше сенім қоғамның тәуекелділік (рискогенность) деңгейіне байланысты. Ол жаһандану дәуірінде

индивидуалды сенімсіздікті, әлеуметтік белгісіздікті жоғарылатып, тәуекел қоғамның дамуына алып келеді. Н. Луман сенім әлеуметтік бақылау механизмі және әлеуметтік тәуекелді азайтатын құрал деп қарастырады.

Сенім сияқты категорияны философиялық тұрғыдан түсінудің ерекшелігі - бұл категорияның дамуы этикалық зерттеулер мен моральдық қатынастар кеңістігінде жүзеге асырылады, онда сенім осы қатынастардың белгілі бір реттеушісі болып табылады. Сенім мәнін мораль категориясы тұрғысынан түсінуде этикалық тәсіл аясында наным (илану) және сенімнің өзара байланысына назар аударылады.

Көп уақыт наным (илану) философияда діни дәстүр аясында қарастырылды. Ең алғаш И. Кант философия тарихында нанымды (илану) ақыл позициясынан қарастырды, И. Канттың пікірінше наным (илану) адамның қойған мақсаты мен қызметін байланыстыратын негізгі шарттылық деп атап кетті [9, 35 б.].

Феноменологиялық философия шеңберінде сенім «өмір әлемінің» негізгі элементі болып табылады, онда адам санасында бейнеленген және адамдардың мінез-құлқында жүзеге асырылатын белгілі бір сенімділік бейнесі қалыптасады. Адам өмір сүретін әлеуметтік шындық, феноменология философиясының идеяларына сәйкес, сенімнің өзі сияқты сана арқылы құрылады. Демек, феноменология өзінің негізгі міндеті ретінде адамның өз әлемін құру процесіне және оны өзгерту мүмкіндігіне енуге деген ұмтылысты көреді. Осылайша, моральдың этикалық категориясы шеңберіндегі сенімді зерттеудің алғашқы қалыптасқан философиялық дәстүрі, оны тек адамдардың қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесуі саласында қарастыруды көздейді, біртіндеп өзгеріп, осы құбылыстың мәнін осындай тар түсінуден асып түсті.

Қазіргі кезеңде ол жеке адамдар да, әлеуметтік топтар, институттар, құрылымдар мен ұйымдар да қатысатын бұқаралық коммуникация процесіне енгізілген жаһандық коммуникативті қоғамның қалыптасу процестерін көрсетеді. Сенім қоғамды нығайтатын, қоғамның тұрақты жұмыс істеуі үшін өмірлік маңызды мәселелер бойынша өзара түсіністікке қол жеткізу негізінде оның қауіпсіз дамуына кепілдік беретін негізгі әлеуметтік ресурс мәртебесіне ие бола бастады.

Сенім мәселесін әлеуметтанулық зерттеу аспектісінде Т. Парсонстың зерттеулері негізгі бағыттардың бірі, ол қоғам әлеуметтік өзін-өзі қамтамасыз етуі (қоғамның өзін жүйе ретінде сақтауы) яғни, қоғам өз мүшелеріне «сүйеніп», олардың іс-әрекеті адекватты «үлес қосқан» жағдайда ғана, тұтас қоғам ретінде қызмет ете алады. Бұл дегеніміз, қоғамдағы тұрақтылық қоғам мүшелерінің мінез-құлқына байланысты және сенім жеке тұлғаның адекватты іс-әрекетінің белгісі болып табылады.

Сенім қоғамның мәдениетін, оның этика жүйесін бейнелейтін мәдени шартты құбылыс, ол Ф. Фукуяманың пікірінше, моральдық қауымдастықты қалыптастырады, өйткені ол қоғам мүшелеріне бірлескен моральдық өмір сүруге мүмкіндік беретін жақсылық пен зұлымдық тілі. Ф. Фукуяманың

сенім туралы ілімі әлеуметтік-экономикалық ілім аясында құрылды, бірақ көріп отырғанымыздай, мұнда да адамгершілік категориялары маңызды рөл атқарады.

Сенім мәселесінің психология ғылымында зерттелуі

Қазіргі заманда сенім өте өзекті әлеуметтік мәселелердің біріне айналып отыр. Сенім адамды өмір бойы жетелеп жүретін арнайы тұлғалық және әлеуметтік генезис. Әлеуметтік ғылымдарда сенім мәселесінің қарастырылуы 1990 жылдардан басталды. Қазіргі қоғамның саяси және әлеуметтік трансформациялары, оның ішінде әр түрлі мәдени қақтығыстар сенім мәселесін құбылыс ретінде зерттеудің маңыздылығын арттырды. Осы тұрғыда сенім мәселесін талдауда әлеуметтік –психологиялық тәсілді қолдануда, оның әлеуметтік-мәдени және тарихи ерекшелігін ескере отырып зерттеу қажет. Жаһандану үдерісіндегі қарқынды мәдени, әлеуметтік, экономикалық және ақпараттық алмасу, кезеңінде тұлғаралық, топшілік, топаралық қарым-қатынастар ерекше сенім түрлерінің қалыптасуына алғышарт болады. Мұндай қарым-қатынастарда мақсаттар мен мүдделердің, құндылықтардың сәйкестігі, ерекшелігі және қарама-қайшылықтары, сенім формасының жаңа сипатта қалыптасуына немесе сенімсіздіктің орын алуына алып келеді.

Классикалық психология ғылымында сенім феномені адамның әлеммен байланысын анықтайды, отбасышылқ қатынастарда дәстүрлерді қалыптастыру және «мен-жеке өмірімнің субъектісімін» ұстанымын сақтауға, әлеуметтік кеңістікте «шшексіз белсенділіктің» алдын алу деп қарастырылады.

Сенім психикалық функционалды орган (англ. *functional organ*). *Функционалды* орган ұғымы сенімді өте дәл сипаттайды. Сенім адамның психикалық күйі психикалық, процестердің жиынтығы немесе оның қасиеті ғана емес, сонымен қатар адамның әлеуметтік әлемдегі сенім функциясын жүзеге асыратын психикалық күштердің, психикалық процестердің үйлесімі.

Сенім - бұл адамның тұрақты психикалық органы, өйткені қоғамның өзі адамдардың бір-біріне деген өзара сенімінің күрделі жүйесі болып табылады және әр адам (адамдар тобы, ұйым, мемлекет) үнемі «сенім мәселесін» шешуге мәжбүр болады, адам басқаларға деген сенім функциясын жүзеге асыру үшін үнемі сенім органына жүгінеді [10, 1026 б.].

Функционалды психикалық орган - бұл белгілі бір функцияны жүзеге асыратын ұйымдасқан психикалық күштер (процестер) жүйесі. Ол белгілі бір жолмен орналастырылған, сондықтан оны сенімділікпен зерттеуге болады. Сенім тұрақты орган болып табылады және оның функционалды орган ретінде жұмыс істеуінің психикалық механизмін ашу қажет. Жоғары психикалық функция - бұл психикаға ауысқан, Психикалық сыртқы әлеуметтік қатынасқа айналған. Сенім психикалық функционалды орган ретінде қоғамдық қатынастардың тасмалдаушысы және өкілі болып табылады.

Сенім құбылысын зерттеудің психологиялық тәсілінің ерекшелігі ол қарым-қатынастың негізгі құралы және сол саланың бірнеше белгілерімен ерекшеленеді. Олар: біріншіден, сенім қарым-қатынастағы ұстаным және күту деп түсіндіріледі, екіншіден, тұлғаралық қарым-қатынастың негізгі сипаты, адамдардың бір-біріне таңдау жасау арқылы қарым-қатынас жасауы, үшіншіден, ақпаратты сыни талдамай, «сенімді» қабылдауға дайындығы, бір адамның екінші адамға жеке маңызды ақпарат беруге дайындығы сияқты аспектілерде көрінуі мүмкін; төртіншіден, сенім тәуекел сезімімен, жеке қауіпсіздікпен (моральдық, материалдық, физикалық) байланысты [10, 1025 б.].

Кесте 1. Сенім ұғымының түсініктері

Психология бағыттары	Сенім ұғымының түсініктері	Авторлар
Әлеуметтік	Әр түрлі деңгейде зерттеуді қажет ететін әлеуметтік-психологиялық құбылыс	Т.П. Скрипкина (Скрипкина, 2000)
Тәжірибелік	Психотерапияда кеңес беру процессін тиімділігін көрсететін фактор және көрсеткіш	Р. Кочунас (Кочунас, 2000)
Гуманистік	Психикалық денсаулықты көрсететін экзистенциалды категория	К.Роджерс (Роджерс, 1997)
Педагогикалық	Білім жүйесінде өз ара іс-қимылдардың тиімді дамуы үшін қатынастардың сипаттамасы мен факторлары	П.Ф. Каптерев (Каптерев, 1982)
Саяси	Қоғамның моральдік капиталы	Ф. Фукуяма (Фукуяма, 2008)

Психологтардың пікірінше, сенім - бұл адамның өзіне және әлемге деген негізгі тұрақты қатынасы. Психология ғылымының зертеу аясында сенім мәселесі бірнеше бағытта зерттеледі. Төмендегі кестеден көруге болады.

Сенім жеке құбылыс ретінде Т.П. Скрипкинаның (Т.П. Скрипкин, 1984; Т.П. Скрипкин, 1990) және А.Б. Купрейченконың (А.Б. Купрейченко, 2008) еңбектерінде зерттелген. Т.П. Скрипкина сенімді бір уақытта өзіне және әлемге бағытталған көзқарас ретінде түсінеді, оның мәні сенім объектісінің өзекті маңыздылығымен және оны қауіпсіз деп априорлық бағалаумен байланысты. Сенім құрылымы когнитивті, эмоционалды және мінез-құлық компоненттерін қамтиды.

А.Б. Купрейченконың зерттеу тақырыбы-тұлғааралық қатынастарға деген сенім. Сенім критерийлері және оның «психологиялық қашықтық» ұғымымен байланысы талданады. Сенім психологиялық қашықтықтың құрамдас бөлігі болып табылады, бір өлшемді психологиялық кеңістіктің ерекше түрі, мұнда субъект пен серіктес арасындағы қатынастардың мазмұнды және формальды – динамикалық сипаттамаларының барлық әртүрлілігі бір өлшемге – «жақын-алыс» негізделген [6, 564 б.].

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, сенімнің пайда болуы үшін келесі міндетті шарттар қажет:

1) белгісіздікпен сипатталатын немесе тәуекелмен байланысты маңызды жағдайдың болуы;

- 2) субъектінің оқиғаның нәтижесіне қатысты жағымды нәтиже күтуі;
- 3) субъектінің осалдығы және оның өзара іс-қимылда басқа қатысушылардың мінез-құлқына тәуелділігі;
- 4) өзара іс-қимылдың еріктілігі;
- 5) бақылаудың болмауы.

Осы талдау аясында аталған сенім шарттарының көпшілігі сенімсіздіктің пайда болу шарттары болып табылатындығы маңызды, өйткені сенімсіздік сенімділік сияқты белгісіздік, осалдық және бақылаудың болмауы жағдайында туындайды.

Сенім мәселесінің саяси-экономикалық тұрғыда зерттелуі

Сенім XIX аяғы XX ғасырдың басында әлеуметтік іс-әрекет пен алмасу мәселесі ретінде әлеуметтік тәртіп тұрғысынан әлеуметтанушылар мен экономистердің зерттеу объектісіне айналды. Негізгі өкілдері: Э. Дюркгейм, Ф. Тённис, М. Вебер, Т. Парсонс, П. Блау, Дж. Хоманс және т.б. Атап айтсақ, Э. Дюркгейм шартты бастаулар идеясының негізін қалады, яғни олар өздері шартты бастаулардың мәні болмасада, шартты орындалуын басқаратын және нарықты реттейтін ережелерді талап ету. Т. Парсонс қоғамның ішкі жүйелері арасындағы ресурстармен алмасу тұжырымдамасы шеңберінде сенім мәселесін қарастырды; Дж. Хоманс әлеуметтік таңдау теориясын жасады.

Соңғы 30 жылда сенім мәселесін негізінен психологтар зерттеді, олар сенім мәселесін жеке адам және тұлғааралық қатынастар деңгейінде зерттеді. Біраз уақыттан кейін, экономика мен әлеуметтану тұжырымдамаларының өзара енуінің нәтижесінде зерттеушілер жеке және заңды тұлғалар арасындағы транзакциялар кезінде сенімділікті арттыру мақсатында институттардың белгісіздікті төмендетуге әсерін зерттей бастады.

Сенім құбылысын зерттеудегі мәдени бағыт бөлек ерекшеленеді, бірақ біздің ойымызша, оны социологиялық тұрғыдан бөлуге болады. П. Штомпканың іліміне жүгінсек: біріншіден, сенім мәселесін зерттеуде даусыз мәдени бағытты ескермеу мүмкін емес; екіншіден, сенім саяси мәдениеттің маңызды өлшемі болып табылады, ал саясатқа деген сенім қоғамда үстемдік ететін кенірек сенім климатының көрінісі ретінде қабылданады және жалпы сенім саяси мәдениеттің өміршендігінің қажетті шарты болады; үшіншіден, сенім мәдени құбылыс ретінде азаматтық қоғамның маңызды аспектісі; төртіншіден, сенім мәдени капиталдың маңызды, жасырын болса да өлшемі болып саналады; бесіншіден, сенім қоғамдық капиталдың негізі болып табылады; алтыншы, сенім постматериалистік құндылықтармен байланысты; жетінші, сенім өркениеттік құзыреттіліктің құрамдас бөлігі болып табылады. Сенім-бұл адамдардың адамгершілік санасының ұзақ мерзімді дамуының нәтижесі және әр мәдениетте, әр қоғамда өзіндік ерекшелігі бар. Сенім мінез-құлықтың мотивациясына әсер етеді және жеке адамдардың нақты іс-әрекеттерінде көрінеді [12, 254 б.].

Сенім санатына деген қызығушылықтың жандануы 1980 жылдары француз әлеуметтанушысы П. Бурдьё ұсынған «әлеуметтік капи-

тал» тұжырымдасамында көрініс тауып, келесі зерттеуші ғалымдардың еңбегінде жалғасын тапты. Олар: Дж. Коулман, Р. Путнам, Ф. Фукуяма. Бұл тұжырымдама әлеуметтік қатынастарды түсіндіруге әлеуметтанулық көзқарасты капиталды экономикалық ресурс ретінде талдаумен байланыстырды. Әлеуметтік капитал ұғымы ғылыми тұжырымдама ретінде 1980 жылдары Батыс елдерінде қолданыла бастады. Ең алғаш әлеуметтік капитал тұжырымдамасына теориялық үлгіні П. Бурдье ұсынды. П. Бурдье өзінің зерттеулерінде әлеуметтік капиталдың құрал ретіндегі мәніне назар аударды. Ол әлеуметтік капитал топтағы мүшелердің өзара қарым-қатынасы таныс-туыстық және мойындалу деңгейінде институционаланған тұрақты байланыстардың шынайы және әлеуеті бар ресурстарының жиынтығы деп қарастырды.

XXғасырдаәлеуметтіккапиталтеориясыныңбелсендітұжырымдамалануы әсерінен сенім мәселесінің әлеуметтік мәні басты назарда болды. Әлеуметтік капитал ұғымының бірнеше альтернативті анықтамаларына тоқталсақ:

- Таптық емес тұжырымдамада әлеуметтік капитал - индивид қарым-қатынасы арқылы қалыптасатын байланыстар мен игіліктердің қайнар көзі яғни актордың индивидуалды ресурсы ретінде қарастырылады. Бұл жерде әлеуметтік капитал қоғамдағы үлкен ресурстар мен билікке деген қолжетімділік, сондай-ақ нақты индивидтің ресурсы ретінде қарастырылды;

- Неолибералистік тұжырымдама бойынша ұжымдық және индивидуалды іс-әрекеттерді жеңілдетуге назар аударады. Әлеуметтік капитал сенім ретінде қарастырылады. Тұлғаның отбасылық және достық байланыстардан үлкен ауқымды байланыстарға ауысуы, яғни әлеуметтік-саяси, азаматтық позициясын білдіру, жеке қауіпсіздігін мойындау арқылы қоғамдағы ынтымақтастығы [2, 65 б.] Әлеуметтік капиталдың қайнар көзіне тоқталсақ:

Кесте 2. Әлеуметтік капиталдың қайнар көздері

Қайнар көздері	Әлеуметтік капиталды қалыптастырдағы рөлі
Отбасы	Әлеуметтік байланыстар формасын қалыптастырды. Отбасы ауқымынан тыс сенім қарым-қатынасы мен әріптестікті орнатуға көмектеседі. Ең алғашқы үйрету үдерісінің қайнар көзі.
Мектеп	Әріптестік құндылығын қалыптастырады. Жаңа байланыстарды орнатады.
Аумақтық қауымдастықтар	Көршілермен, достармен, басқа да топтармен әлеуметтік байланыстарды орнатады, ортақ мақсат үшін жұмыс жасауды үйретеді.
Фирмалар/өніріс орындары	Білім мен дағдының әлеуметтену процессі. Әлеуметтік-экономикалық қарым қатынасты қалыптастыртын орта.
Азаматтық қоғамдар	Қоғамдағы мемлекет пен нарық салсына пайда әкелетін, азаматтық белсенділік пен өзара сенімді қолдау арқылы қызмет ететін ерікті ұйымдар .
Мемлекеттік сектор	Елде билік ететін, нормаларды қолдайтын және әлеуметтік әріптестікті қалыптастыратын құқықтық, институционалды, саяси жағдай. Бұл жағдайда сенім берік болады.
Этникалық байланыстар	«Жаңа» әлеуметтік топтардың әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, қолдайтын және бағыт-бағдар беретін ақпараттар қайнар көзі.

Әлеуметтік капитал тұжырымдамасы 20 ғасырда қарқынды зерттелген теория. Бұл әлеуметтанулық ұғымның сипаттамасы, анықтамасы, құрылымы тақырыбында ғылыми зерттеулер өте көп. Ол дегеніміз бұл тұжырымдаманың сыни, ғылыми талқылауларға түсу арқылы жүйеленуіне алып келді. Осы бағытта әлеуметтік капитал ұғымын зерттеу саласында белсенді үлес қосқан ғалымдардың әлеуметтік капитал ұғымына берген анықтамаларына шолу жасасақ.

П. Бурдьё – әлеуметтік капитал көптеген капиталдардың бірі, ол индивидтің шынайы және әлеуетті ресурстарының жиынтығы деп қарастырды. «Мойындау» сенім ұғымында қарастырылады.

Дж. Коулмэн - әлеуметтік капитал әлеуметтік нормалар мен ақпараттық каналдардың міндеттері мен нәтижелеріне мақсатты бағытталған өзара сенім мен өзара көмектің әлеуеті.

Р. Панэм - өзара пайда табу үшін ұжымдасу мен үйлесуге жағдай жасайтын сенім мен әлеуметтік нормалардың, әлеуметтік байланыстардың, әлеуметтік өмірдің ерекшелігі элементтерінен тұратын қоғамдық ұйым деген тұжырымдама береді.

Ф.Фукуяма - әлеуметтік капитал қоғам мүшелерінің сенімі нәтижесінде қалыптасатын қоғамның белгілі бір әлеуеті [2, 62 б.]

Жоғарыда келтірілген анықтамаларды талдай келе, мынадай қорытынды жасауға болады. Әлеуметтік капитал ол тұлғаның өзара қоғамдағы қарым-қатынасы негізінде қалыптасатын үдеріс. Негізгі құралы сенім, әлеуметтік байланыс, әлеуметтік нормалар және әлеуметтік әріптестік болып табылады. Қоғамда тұлғалар аталған әлеуметтік құралдарды қолдана отырып әлеуметтік үдерістерді қалыптастырады. Белгілі әлеуметтік үдерістердің үлгілері пайда болады [11, 464 б.].

Саяси сенім азаматтардың саяси бағыттары мен саяси мінез-құлқының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, олардың саяси ұстанымдар мен іс-әрекеттердің дұрыстығына деген сенімділік дәрежесін, сондай-ақ қазіргі билікке қолдау көрсетуге дайын екендігін көрсетеді. Бұл бөлімде сенім адамның саяси санасының ажырамас бөлігі болып табылады ишире оның саяси мәдениеті.

Айта кету керек, сенім әрдайым құрылымдық және ұтымды бола бермейді, ал мемлекет қайраткерлерінің, саяси көшбасшылар мен элитаның қызметін бағалау салмақты және объективті. Ғалымдар сенім саясаты көбінесе мотивациясыз, стихиялы және тіпті иррационалды екенін атап өтті [11, 466 б.].

Рационалды және иррационалды компоненттер-бұл дүниетанымдық қабылдау мен болып жатқан процестерге мінез-құлық реакцияларының күрделі бейнесін жасай отырып, саяси сананың және жалпы саяси мәдениеттің маңызды элементтері.

Жаһандану процестері әлем бейнесін қабылдауды белсенді түрде өзгертеді. Жекелеген саяси жүйелердің құндылық конструкцияларындағы өзгерістер барған сайын кеңейе түсуде. Саяси мәдениет қоғам өмірінің

барлық салаларына таралатын түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Әрине, бұл халықтың сеніміне өз ізін қалдырады адамдардың күтулерін қабылдау мен бағалаудағы өзгерістер, жеке деңгейде де, институционалдық деңгейде де, онтологиялық шындықты таңқаларлық түрде өзгертетін жаңа өзгерістер мен факторлар пайда болады.

Саясаттанудағы институционалдық көзқарасты жақтаушылар сенімді институционалдық жүйенің негізгі ішкі элементі ретінде қарастырады, сенімді тиімді мемлекет туралы басқару теорияларына енгізеді. Сенім негізінде мемлекет билігіне, саяси партияға немесе Көшбасшыға деген міндеттеме институты құрылады. Сенім ұлттық бірегейлік институттарын құрудың және оларды басқарушы режимде заңдастырудың негізгі элементі болып табылады [12, 470 б.].

Қорытынды

Сенім феномені бүгінде мульти пәнаралық ғылым, зерттеу объектісі. Соңғы он жылда сенім ғымын әлеуметтік-гуманитарлық пәндер саласында зерттеу өзекті болып отыр. Бұл үдерістің белең алуына жаһандану үрдісі кезіндегі қоғамның барлық саласындағы өзгерістер мен трансформациялар, қоғам санасын жаңа бір кеңістікке алып келіп жатыр. Сенім қоғамдағы барлық саладағы қарым-қатынастың құралы болып табылғандықтан, сенім мәселесінің түрленуі, жаңа формада, үлгіде қалыптасуы және оны зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Сенім мәселесі әлеуметтік институттардың барлық саласында өзіндік құбылыс ретінде қызмет етіді және зерттелу деңгейі өзекті. Сенімнің әлеуметтік деңгейі қоғамдағы топ мүшелерінің әлеуметтік рөлі мен әлеуметтік топтар арасында зерттеледі. Сенім қоғамдық феномен, ол әлеуметтік жүйенің құрамы ретінде қалыптасады және жоғары индивидуалды сипатқа ие болады.

Қорыта келгенде, Ф.Фукуяма «Сенім қоғамның жетістікке жетуі мен ұйымдардың өздерінің әлеуметтік механизмдерін жүзеге асырудағы прогресс детерминанты» деп анықтама берді. Бұл тұжырымның түйіні қоғамдағы әлеуметтік институттардың әлеуметтік қызметтерінің жүзеге асырылуында, сенім басты құралдардың бірі. Ол қоғам мүшелерін тұлғалық, тұлғаралық, топтық, қауымдастық, таптық деңгейде қарым-қатынас жасауын реттейтін құбылыс.

Әдебиеттер тізімі

1 Алексеева А.Ю. Концептуальные основы исследования феномена доверия: обзор основных подходов. Мир экономики и управления // Вестник НГУ., 2004. Вып. 4(1). – С. 136–151.

2 Барановский М.В. Современные практики социологического изучения феномена доверия // Власть, 2019. – Т.27. – № 2. – С.183-190.

3 Фетюков А.В. Подходы к изучению доверия в современной науке: основные теоретические направления и взгляды // Научный журнал «Novum», Психологические науки. – 2020. – № 27. – С 1914.

4 Севостьянов Д.А. Социальный капитал и современное образование: иерархия и инверсия // Профессиональное образование в современном мире. – 2020. – Т.10. – №2. – С. 3674–3681.

5 Бурдые П. Формы капитала // Экономическая социология. – 2002. – Т.3. – № 5. – С. 60-74

6 Купрейченко А.Б., Мерсияновой И.В. Доверие и недоверие в условиях развития гражданского общества. – М.: Издательский дом НИУ ВШЭ, 2013. – С.564.

7 Субхангулов Р.Э. Феномен доверия как фактор социального взаимодействия: социально-философский анализ. Автореферат. дис. на соиск. уч.степ. кандидата философских наук. – Челябин.гос.ун-т. – Челябинск, 2016.

8 Кошарная Г.Б. Социология: социальная структура и социальные институты. Учеб. пособие / Щанина Е.В., Толубаева Л.Т., Корж Н.В., Тарханова Е.С. – П.: Изд-во ПГУ, 2016.

9 Алешин С.В. Доверие как социально-философская категория // Научная мысль Кавказа. – 2010. – № 3 (63). – С. 35-40.

10 Канаева А.Ю, Коренкова Н.Е. Доверие как социально-психологический феномен // Научные труды Московского гуманитарного университета. – 2020. – № 5. – С.1024-129.

11 Ромашкина Г.Ф., Давыденко В.А., Ушакова Ю.В. Обобщенное доверие: концептуализация и измерение // Вестник Санкт-Петербургского университета. Социология. – 2018. – Т. 11. – Вып. 4. – С. 464–486.

12 Штомпка П. Доверие - основа общества. Монография, / Петр Штомпка: пер. с пол. Н.В. Морозовой. – М.: Логос, 2012.

Transliteration

1 Alekseeva A.Ju. Konceptual'nye osnovy issledovaniya fenomena doverija: obzor osnovnyh podhodov [The Conceptual Foundations of the Study of the Phenomenon of Trust: an Overview of the Main Approaches]. Mir jekonomiki i upravlenija // Vestnik NGU, 2004. – Vyp. 4(1). – S. 136–151.

2 Baranovskij M.V. Sovremennye praktiki sociologicheskogo izuchenija fenomena doverija [Modern Practices of the Sociological Study of the Phenomenon of trust]. // Vlast'. – 2019. – Т.27. – № 2. – S.183-190.

3 Fetjukov A.V. Podhody k izucheniju doverija v sovremennoj nauke: osnovnye teoreticheskie napravlenija i vzglyady [Approaches to the study of Trust in Modern Science: the Main Theoretical Directions and Views] // Nauchnyj zhurnal «Novaum», Psihologicheskie nauki. – 2020. – № 27. – S. 1914.

4 Sevost'janov D.A. Social'nyj kapital i sovremennoe obrazovanie: ierarhija i inversija [Social Capital and Modern Education: Hierarchy and Inversion] // Professional'noe obrazovanie v sovremennom mire. – 2020. – Т.10. – № 2. – S. 3674–3681.

5 Burd'e P. Formy kapitala [Forms of Capital] // Jekonomicheskaja sociologija. – 2002. – Т.3. – № 5. – S. 60-74.

6 Kuprejchenko A.B., Mersijanovoj I.V. Doverie i nedoverie v uslovijah razvitija grazhdanskogo obshhestva [Trust and Distrust in the Context of the Development of Civil Society]. – М.: Izdatel'skij dom NIU VshJe, 2013. – S. 564.

7 Subhangulov R.Je. Fenomen doverija kak faktor social'nogo vzaimodejstvija: social'no-filosofskij analiz [The Phenomenon of Trust as a Factor of Social Interaction: Socio-philosophical Analysis]. Avtoreferat. dis. na soisk. uch.step. kandidata filosofskih nauk. – Cheljab.gos.un-t. – Cheljabinsk. 2016.

8 Kosharnaja G.B. Sociologija: social'naja struktura i social'nye instituty [Sociology: Social Structure and Social Institutions]. Ucheb.posobie / Shhanina E.V., Tolubaeva L.T., Korzh N.V., Tarhanova E.S. – P.: Izd-vo PGU, 2016.

9 Aleshin S.V. Doverie kak social'no-filosofskaja kategorija [Trust as a Socio-Philosophical Category]. // Nauchnaja mysl' Kavkaza. – 2010. – № 3 (63). – S. 35-40.

10 Kanaeva A.Ju, Korenkova N.E. Doverie kak social'no-psihologicheskij fenomen [Trust as a Socio-Psychological Phenomenon] // Nauchnye trudy Moskovskogo gumanitarnogo universiteta. – 2020. – № 5. – S. 1024-129

11 Romashkina G.F., Davydenko V.A., Ushakova Ju.V. Obobshhennoe doverie: konceptualizacija i izmerenie [Generalized Trust: Conceptualization and Measurement] // Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Sociologija. – 2018. – Т. 11. – Vyp. 4. – S. 464–486.

12 Shtompka P. Doverie-osnova obshhestva. Monografiya [Trust is the Foundation of Society] / Petr Shtompka: per. s pol. N.V. Morozovoj. – M.: Logos, 2012.

**Дабылтаева М.М., Иманбекова Б.И., Токтаров Е.Б.
Феномен доверия: концептуальный анализ**

Аннотация. В статье проанализированы социально-психологические, экономические и политологические подходы концептуального определения «феномена доверия» в науке. В современном мире социальные институты общества подвержены социально-пространственным изменениям, требующим нового изучения «феномена доверия» в сфере социально-гуманитарных наук. При изучении структуры функционирования общества четкого определения «феномена доверия» учеными до сих пор не дано, поэтому необходим системный, теоретико-концептуальный анализ путем систематизации междисциплинарных понятий и определений.

Посредством концептуального анализа систематизировать социологические, философско-психологические, политико-экономические определения «феномен доверия», обосновав данное определение как междисциплинарное. Установлено, что термин «феномен доверия» является универсальным междисциплинарным понятием. В результате систематизации теоретических определений и подходов, уточняется практическая значимость «феномена доверия» в обществе как средства общения, способствующего формированию новых социальных явлений.

Методы исследования: концептуальный анализ социологических, философско-психологических, политико-экономических определений и подходов к термину «феномен доверия». Предметная систематизация термина «феномен доверия» посредством применения метода концептуального анализа. Доверие является одним из главных инструментов в осуществлении социальной деятельности социальных институтов в обществе. Это явление, регулирующее общение членов общества на личностном, межличностном, групповом, ассоциативном, классовом уровне.

Ключевые слова: «феномен доверия», социальный капитал, концептуальный анализ, формально-рациональное, иррациональное.

**Dabyltaeva M., Imanbekova B., Toktarov E.
The Phenomenon of Trust: a Conceptual Analysis**

Abstract. The article analyzes socio-psychological, economic and political science approaches to the conceptual definition of the “phenomenon of trust” in science. In the modern world, social institutions of society are subject to socio-spatial changes, requiring a new study of the “phenomenon of trust” in the field of social sciences and humanities. By studying the structure of the functioning of society, scientists have still not given a clear definition of the “phenomenon of trust,” therefore, a systemic, theoretical, and conceptual analysis is needed by systematizing interdisciplinary concepts and definitions.

Through conceptual analysis, systematize sociological, philosophical, psychological, political and economic definitions of the “phenomenon of trust”, justifying this definition as interdisciplinary. It has been established that the term “phenomenon of trust” is a universal interdisciplinary concept. As a result of systematization of theoretical definitions and approaches, the practical significance of the “phenomenon of trust” in society as a means of communication that contributes to the formation of new social phenomena is clarified.

Conceptual analysis of sociological, philosophical-psychological, political-economic definitions and approaches to the term “phenomenon of trust”. Subject systematization of the term “phenomenon of trust” using the method of conceptual analysis. Trust is one of the main tools in the implementation of social activities of social institutions in society. This is a phenomenon that regulates communication between members of society at the personal, interpersonal, group, associative, and class levels.

Keywords: The phenomenon of trust, social capital, conceptual analysis, formal-rational, irrational.